

ЕҚҚДБ: 2019 ЖЫЛЫ ӘЗЕРБАЙЖАН ЭКОНОМИКАСЫ ӨСЕДІ



Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚҚДБ) 2019 жылы Әзербайжан экономикасының 3,5% өсетінін болжады. Бұл туралы банктің «Аймақтық экономикалық перспективалар: сауда қақтығыстарының көлеңкесінде» деп аталатын жаңартылған есебінде айтылған.

Есепте Әзербайжан экономикасын қалпына келтіру мұнай бағасының жоғары болуымен және маркоэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша қолға алынып жатқан шаралар арқылы қолдау тауып отырғаны айтылған.

Есеп авторлары Мемлекеттік мұнай қоры мен Орталық банктің халықаралық резервтерінің бірлескен жалпы активтері 44,5 млрд долларға жетіп, былтырғы жылдың соңғы кезеңдерімен салыстырғанда 8,2% өскенін атап көрсеткен.

«Манаттың долларға қатысты айырбас бағамы 2017 жылдың сәуірінен бері тұрақты күйде қалып отыр. Инфляция өсімінің қарқыны 12,9% -тен (2017 жылдың соңындағы көрсеткіш) 2,6%-ке дейін (2018 жылдың тоғыз айының көрсеткіші) төмендеді», - деп атап көрсетілген есепте.

ЕҚҚДБ сарапшылары сонымен бірге Әзербайжанның энергетикалық жобаларына да назар аударып, газ өндіру мен оны экспорттау көлемінің артуы экономикалық өсімді де қамтамасыз етіп отырғанына тоқталды.

Әзербайжан ЕҚҚДБ-мен 1992 жылдан бері әріптестік қарым-қатынас жасап келеді. Әріптестік орнағаннан бері банк Әзербайжанның қаржы, корпоративтік, инфрақұрылым және энергетикалық секторларында 167 жобаға құны 3,18 млрд

доллар болатын инвестиция құйды. Сөйте тұра, барлық инвестицияның ширек бөлігі жеке сектордың үлесіне тиеді.

ӨЗБЕКСТАННЫҢ ТАТАРСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ БАС КОНСУЛЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



31 қазанда Өзбекстанның Қазан қаласындағы (Ресей Федерациясы) Бас консулы болып Фариддин Насриев тағайындалды. Дипломат бұрын Өзбекстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің консулдық-құқықтық департаментінің директоры болып қызмет атқарған болатын.

2018 жылға дейін Ресейде Өзбекстанның сыртқы саясат қызметінің екі өкілдігі ғана, атап айтқанда Мәскеудегі елшілік пен Новосибирск қаласындағы консулдық қана қызмет жасаған еді. Биыл Өзбекстан Ресейде үш бас консулдық ашты. Олар Екатеринбург пен Санкт-Петербургте және Владивостокта ашылды. Ал Қазан қаласында бас консулдық ашу жоспарын ресми Ташкент 2017 жылдың қазан айынан бері қарастырып келген болатын.

Жаңадан ашылған Өзбекстанның Бас консулдығының консулдық округіне Башқұрстан Республикасы, Киров облысы, Марий Эл Республикасы, Мордовия Республикасы, Нижегород облысы, Орынбор облысы, Пенза облысы, Перм өлкесі, Самар облысы, Саратов облысы, Татарстан

Республикасы, Удмурт Республикасы, Ульянов облысы мен Чуваш республикасының аумақтары кіреді.

TWESCO БАСШЫСЫ ҚЫРҒЫЗСТАН МИНИСТРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Халықаралық Түркі академиясының (TWESCO) басшысы Дархан Қыдырәлі Бішкек қаласында Қырғызстан Мәдениет, ақпарат және туризм министрі Азамат Жаманқұловпен кездесті.

Кездесуде тараптар биылғы қыркүйек айында Шолпан-атада өткен Түркі кеңесі мемлекет басшыларының VI саммитінде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Түркі әлемінің киелі жерлері» және «Түркі әлемінің 100 тұлғасы» жобаларын жүзеге асыру мәселелерін талқылады. Сонымен қатар, TWESCO мен Қырғызстан Мәдениет, ақпарат және туризм министрлігі арасында өзара ынтымақтастық қарым-қатынас орнату жайын пысықтады.

Академия президенті кездесу кезінде жоғары лауазымды қызметке бір апта бұрын ғана тағайындалған Азамат Жаманқұловтың еңбегіне табыс тіледі.

Естеріңізге салар болсақ, Қырғызстанның жаңадан тағайындалған Мәдениет, ақпарат және туризм министрі биылғы III Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жоғары деңгейде ұйымдастырылуына үлес қосқан болатын.

Кездесуден соң TWESCO басшысы Қырғызстанның «Кабар» агенттігіне сұхбат берді.

АСТАНАДА ҚҰНДЫ КІТАПТАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасының кітапханасында TWESCO басып шығарған Рашид ад Диннің «Жамиғ ат-тауарих» және Бекасыл Биболатұлының «Зикзал» кітаптарының тұсаукесері өтті. Құнды мұралар Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жарық көріп отыр.

Салтанатты шараға «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев, Халықаралық түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму вице-министрі Берік Арын, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, қоғам және мемлекет қайраткерлері, ғалымдар, мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты. Жиында сөз сөйлеген «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев: «Рашид ад-диннің «Жамиғ ат-тауарих» еңбегінің алғаш рет қазақ тіліне аударылуы, шын мәнінде, тарихи оқиға. Бекасыл Биболатұлының «Зикзал» кітабының да ана тілімізге тәржімалануы рухани өміріміздегі елеулі сәттердің бірі екені сөзсіз. Орта ғасырларда жазылған «Жамиғ ат-Тауарих» еңбегі Ұлы даламыздың тарихы, Шыңғыс ханның өмірі мен шежіресі, Қазақстан мен Орта Азия

жерінде өмір сүрген ата-бабаларымыздың тегі, дамуы, мемлекеттігіміздің қалыптасуы жайында нақты деректерді қамтитын терең, ғылыми тұрғыда маңызы зор туынды. Әлемнің біраз тілдеріне аударылған еңбектің Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Халықаралық Түркі академиясының бастамасымен тікелей парсы тілінен ана тілімізге аударылуы біз үшін үлкен жеңіс. Бұл оқулықтар Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының нақты жемісі және жеңісі», - деді.

Бес томнан тұратын Рашид ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих» еңбегі 1300-1316 жылдар аралығында жазылған. Кітап түркі халықтарының тарихы, жер-су атаулары, мемлекет басқарған тұлғалары, шежіресі, іргелі рулардың атаулары, олардың өзара қарым-қатынастары туралы сыр шертеді. Еңбекте Шыңғыс қаған құрған мемлекет, оның билеушілері, Елхандар мемлекетін басқарған бірқатар тұлғалар, Кавказдың күңгей беті, Хорасан аймағы, Иран, Орталық Азия, Еділ бойы, Моңғолия тәрізді көптеген аймақтар туралы құнды деректер бар. Шығарма көптеген тілдерге аударылып, ғылыми айналымға енгенімен, қазақ тіліне толықтай, түпнұсқадан алғаш рет тәржімаланып отыр. «Жамиғ ат-тауарих» еңбегін түркі тарихының теңдессіз туындысы, энциклопедиясы деп бағалауға да болады. Ал Бекасыл Биболатұлының «Зикзал» атты шығармасы түркі халықтарының діни танымынан сыр шертеді. Түркілік дәстүр мен ислам дінін үйлестіре білген түркі-ислам ғұламаларынан жеткен мұра аталған еңбекте топтастырылып отыр.

Тұсаукесер рәсімінде Академия басшысы Дархан Қыдырәлі аталған еңбектердің тарихи мәні өте зор екендігін атап өтті. Өз сөзінде TWESCO президенті: «Тарихты жазу, тарихты жасаумен бірдей маңызды. Себебі тасқа жазылмаған тарих өшеді немесе соны жазғанның несібесіне көшеді. Кезінде ұлы дала төсінде айтулы із қалдырған айбарлы бабаларымыздың даңқты шежіресі ұлт жадында көмескі тартқан еді. Тәу етер тәуелсіздігіміз бен бірге тарлан тарихымызбен де қайта қауыштық. Соның жарқын айғағының бірі бүгін сіздерге таныстырылып, тұсауы кесіліп жатқан алдарыңыздағы сүбелі еңбектер. Бұл екі кітап Елбасымыздың Рухани жаңғыру бағдарламасына айтылған ұлттық кодпен сәйкеседі. Бірі біздің санамызды сілкіндіріп, жадымызды жаңғыртса, екіншісі жүрегіміз бен рухымызға азық болады», - деді. Сонымен қатар, ол Рашид ад-Дин «Жамиғ ат-тауарих» атты еңбекті жазу барысында деректер мен мәліметтерді жинақтау үшін сол дәуірдегі түркі, парсы, араб, қытай, тибет, үнді және т.б халықтардың тарихшылары мен білгір шежірешілері жылнамашылары мен асқан оқымыстылары жұмылдырғанын атап өтті.

Жиында қосы кітапты түпнұсқадан қазақ тіліне аударған ғалым, парсы тілінің маманы, Зәріпбай Оразбайға Халықаралық Түркі академиясының Күміс медалы табыс етілді.

ТҮРКІМЕНСТАНДА ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛДЫ



1 қарашада түркімен астанасы Ашхабад қаласындағы Олимпиадалық қалашықта ауыр атлетикадан 84 ші ерлер және 27 ші әйелдер чемпионаты басталды. Чемпионатқа әлемнің 88 елінен 604 спортшы қатысып жатыр. Осылайша Ашхабадтағы чемпионат қатысушы мемлекеттер саны жөнінен жаңа әлемдік рекорд орнатты. Осыған дейін ең көп мемлекет өкілдері қатысқан чемпионат 2011 жылы Парижде өткен болатын. Ондағы сайысқа 87 елдің өкілдері қатысқан еді.

Он күн бойы 283 әйел мен 321 ер азамат 10 салмақ дәрежесі бойынша жұлқа көтеру мен серпе көтеру және қоссайыс бойынша 60 медал жиынтығын сарапқа салады. Осылайша сайыс қорытындысында 180 медал өз иесін таппақ. Осыған дейін ауыр атлетикадан әлем чемпионатында сегіз салмақ дәрежесі бойынша спортшылар сайысқа түсетін.

Ауыр атлетикадан Ашхабат чемпионатына көпшіліктің айырықша назар аударуының тағы бір себебі- бұл жарыс 2020 жылы Токиода өтетін Олимпиада ойындарының алғашқы іріктеу сайысы болуында.